

**Жер учаскесін жалдау туралы
ШАРТ**

Ақтөбе қаласы

№45

11 желтоқсан 2015 ж.

«Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы» ММ атынан Ереже негізінде жұмыс істейтін, әрі қарай Жалға беруші деп аталатын **басшысы Сәрсенғалиев Қабай Қаленұлы** бір тараптан және **«Фирма Ада Ойл» ЖШС атынан** жарғының негізінде жұмыс істейтін, әрі қарай Жалға алушы деп аталатын **Бас директоры Шин Сокву** екінші тараптан, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Жалға беруші мемлекеттік меншік құқығындағы

Мұғалжар ауданы мекен-жайында орналасқан

Нысаналы мақсаты **Башенкөл кен орнында инфрақұрылым нысандарымен бірге өндіруші көмірсутегі шикізат ұнғымаларын бұрғылау және пайдалану үшін**

Жалпы көлемі **939,32** га, оның ішінде: ауыл және орман шаруашылық алқаптары **939,32** га, (егістік ___ га, көп жылдық екпе шөптер ___ га, шабындық ___ га, жайылым ___ га), басқа жерлер ___ га пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар **жоқ**
бонитет баллы **10**

оған жататын жер учаскелерін **облыс әкімдігінің 10.12.2015 ж. № 444** қаулысының негізінде Жалға алушыға береді (тапсырады).

2. ЖЕРГЕ ТӨЛЕМ АҚЫ

1. Жыл сайынғы жалдау ақысы **679 833** (алты жүз жетпіс тоғыз мың сегіз жүз отыз үш) **теңгені** құрайды және Жалға алушы Салық кодексіне сәйкес бірдей үлеспен **КБК 105315, IBAN KZ24070105KSN0000000, БСК KKMFKZ2A, Астана қаласындағы Қазынашылық Комитеті бенефициарының Банкі, Кбе 11, Мұғалжар ауданы бойынша салық комитетінің бенефициары СТГН 061200002107** төлеуі тиіс.

2. Жалдау ақысының ставкалары Қазақстан Республикасы жер заңнамасына сәйкес анықталады, жалдау ақысының ставкалары жер салығы ставкаларының мөлшерінен төмен белгіленбейді. Жер салығы ставкалары өзгерген кезде жыл сайынғы жалдау ақысының мөлшерін осы Келісім-шарттың 2 тармағының 1 тармақшасына өзгерістер енгізе отырып, уәкілетті орган қайта қарайды.

3. Жалдау ақысының есебі жер пайдалану құқығын беру туралы атқарушы органның шешімдерін тіркеген сәттен бастап жүргізіледі.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Жалға алушының:

1) оны жер учаскесінің мақсатынан туындайтын мақсаттарда пайдалана отырып, жерде өз бетінше шаруашылық жүргізуге;

2) Жалға берушінің келісімімен белгіленген сәулет-жоспарлау, құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық, өрт қауіпсіздігі және өзге де арнайы талаптарды (нормаларды, тәртіптерді, нормативтерді) сақтай отырып, жер учаскесінің нысаналы мақсатына қарама-қайшы келмейтін құрылыстар мен ғимараттар тұрғызуға;

3) өз міндеттерін тиісті түрде орындаған және шарттың әрекет мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде Жалға берушіні жазбаша түрде ескерткен кезде жаңа мерзімге шарт жасасуға;

2. Жалға алушы:

1) жерді оның негізгі нысаналы мақсатына сәйкес және шартта көзделген тәртіпте пайдалануға;

2) санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес өндіріс технологияларын қолдануға, өздері жүзеге асыратын шаруашылық және өзге де қызмет нәтижесінде халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге, санитарлық-эпидемиологиялық, радиациялық және экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеуге, өртке қарсы шараларын алуға, өрт болған жағдайда оны өз күшімен сөндіруге;

3) жер заңнамасымен көзделген жерді қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

4) жалдау ақысын уақытылы енгізуге;

5) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген жердің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді уақтылы табыс етіп отыруға;

6) өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде жер сапасының және экологиялық ахуалдың нашарлауы жағдайында шығындарды толық көлемде өтеуге;

- 7) бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруге және жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жер учаскелерін мемлекетке қайтаруға;
- 8) басқа меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;
- 9) топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және оның құнарлылығының нашарлауына, сондай-ақ топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу құнарлы қабаттың біржола жоғалуын болғызбау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатымен оны сыдырып алуға жол бермеуге;
- 10) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғауға;
- 11) мекен-жайы өзгерген жағдай бұл туралы бір ай ішінде жалға берушіге хабарлауға;
- 12) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және пайдалануға бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті.

3. Жалға берушінің:

- 1) жерді пайдалануға және қорғауға бақылау жүргізуге;
- 2) Жалға алушының шаруашылық қызметінің нәтижесінде жер сапасының және экологиялық ахуалдың нашарлауынан келтірілген шығындарды толық көлемде төлетуге;
- 3) Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін жер учаскесінің жағдайын бағалауға және оны акті бойынша қабылдауға құқығы бар.

4. Жалға беруші:

- 1) Жалға алушыға жер учаскелерін шарт шарттарына сәйкес ахуалда беруге міндетті.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Келісілген мерзімде жалдау ақысын төлемеген жағдайда Жалға алушы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес әрбір өткен күн үшін тұрақсыздық ақысын төлейді.

2. Шарт шарттарын бұзғаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

5. ШАРТТЫ БҰЗУ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

5.1. Егерде Жалға алушымен осы шарттың 3.2 тармақшасының 3 бөлігінде көрсетілген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, бұзу уақытына дейін 30 күнтізбелік күнде тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы, Жалға беруші бір жақты немесе мерзімінен бұрын шартты бұзуға құқылы.

5.2. Шарт бойынша немесе әрекетке байланысты туындауы мүмкін кез-келген түсініспеушіліктер мен наразылықтар тараптардың арасындағы келіссөздер арқылы мүмкіндігіне қарай шешіледі.

5.3. Келіссөздер арқылы шешілмеген шарттан туындайтын барлық түсініспеушіліктер сот тәртібімен қаралады.

6. ШАРТ ӘРЕКЕТІ

1. Шарт 10.12.2015 жылғы № 444 қаулы алынған сәттен бастап күшіне енеді және 2037 жылғы 23 сәуірге дейін әрекет етеді.

Шарт екі данада жасалынды, оның біреуі Жалға алушыға, екінші данасы Жалға берушіге беріледі.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ ЖӘНЕ РЕКВИЗИТТЕРІ

Жалға беруші:

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы,
Әбілқайыр хан даңғылы, 40,
«Ақтөбе облысының жер
қатынастары басқармасы»
ММ басшысы


М.О. К.К. Сәрсеналиев

Жалға алушы:

Мекен-жайы: Алматы қаласы,
Әл-Фараби д-лы, 19/1. «Нұрлы тау»
Бизнес-центрі, 3Б Блогі, 5-қабат
«Фирма Ада Ойл» ЖШС
Бас директор


М.О. Шин Сокву

2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 45
жалдау шартына сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны
үшін жалдау ақысының
есебі

Берілген а/ш алқаптарының көлемі, га	Бонитет баллы	Салық кодексінің 383 бабы бойынша салық ставкасы	Салық кодексінің 387 бабының 1 тармағы бойынша арттыру коэффициенті	Жалдау ақысы, теңгемен
939,32	10	482,50	50%	679 833 (алты жүз жетпіс тоғыз мың сегіз жүз отыз үш) теңге

Жер учаскесін табыстау мен алып қоюға
ұсыныс дайындау бөлімінің басшысы



Е. Евескин



МЕНШІК ИЕСІ (ҚҰҚЫҚ ИЕСІ) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
СВЕДЕНИЯ О СОБСТВЕННИКЕ (ПРАВООБЛАДАТЕЛЕ)

№ 002077938802

16.02.2016г.

Кадастр нөмері/Кадастровый номер: 02:027:023:210

Жылжымайтын мүлік объектінің мекен-жайы обл. АКТЮБИНСКАЯ, р-н МУГАЛЖАРСКИЙ,
Адрес объекта недвижимости с.о. БАТПАККОЛЬСКИЙ уч. 210

Меншік иесі (құқық иесі)
Собственник (правообладатель)

Құқық пайда болу негіздемесі/
Основание возникновения права

Товарищество с ограниченной
ответственностью "Фирма Ада Ойл"

Постановление (№ 444 от 10.12.2015г.) - Дата
регистрации: 10.02.2016 11:16

Бас маман
Главный специалист

(қолы/подпись)



Аликулова Г.О.

(тегі/фамилия, аты/имя, әкесінің аты/отчество)

(қолы/подпись)

(тегі/фамилия, аты/имя, әкесінің аты/отчество)

Бас маман
Главный специалист

(қолы/подпись)

Аликулова Г.О.

(тегі/фамилия, аты/имя, әкесінің аты/отчество)